

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 58 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.23. N 58 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 28 маусымдағы

N 703 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы N 846 қаулысымен

2. "Судьяларды және олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандырудың, оларға медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеудің тәртібі мен шарттары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 наурыздағы N 365 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 13, 90-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Судьяларды және олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандырудың, оларға медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеудің тәртібі мен шарттары туралы ережеде:

7-тармақта "медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясымен (МӘСК)" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. *Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1339 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

4. "Мемлекеттік білім гранты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 қарашадағы N 1781 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 52, 512-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік білім гранты туралы е р е ж е л е р д е :

5-тармақта "дәрігерлік-әлеуметтік сараптау комиссиясының" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 51-құжат)

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындаудың және төлеудің ережесіне:

6-тармақтың 4) тармақшасының алтыншы абзацында "медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақтың 4), 5), 8) тармақшаларында "медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияның", "медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган аумақтық бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 8 м а у с ы м д а ғ ы

N 7 0 3 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 мамырдағы N 465 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 20, 333-құжат).

2. "Мүгедектерге бензин үшін ақшалай өтемақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 қазандағы N 891 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 41, 606-құжат).

3. "Мүгедектерге мотоқұймелер үшін ақшалай өтемақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 29 қарашадағы N 1195 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 46, 557-құжат)

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 27 мамырдағы N 465 және 1992 жылғы 22 қазандағы N 891 қаулыларына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 маусымдағы N 770 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 20 , 223 - құжат) .

5. "Медициналық-әлеуметтік сарапшылық комиссиялар туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 тамыздағы N 1298 P001298_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 36-37, 440-құжат).